Қызылорда облысының Әділет департаментінің
Сырдария ауданының Әділет басқармасы
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУДЕН
2005 ж. «10» 02 өткізілді
БИН № 051040000451
Куәлік 71-1935-06-45

2008 жылғы « 01 » желтоқсан №42
Қоғамдық қор құрылтайшыларының
жалпы жиналысының
хаттамасымен
«Бекітілген»

Қызылорда облысының Әділет департаментінің
Сырдария ауданының Әділет басқармасы
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ
Жарнама
«12» 19 2008 ж.

Қызылорда облысының Әділет департаментінің
Сырдария ауданының Әділет басқармасы
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУДЕН
2005 ж. «10» 02 өткізілді
БИН № 051040000451
Куәлік 71-1935-06-45

«Сырдария» қоғамдық қорының

ЖАРҒЫСЫ

Сырдария ауданы,Тереңөзек кенті - 2008 жыл

«Сырдария» қоғамдық қорының

ЖАРҒЫСЫ

1.Жалпы ережелер

1.1.Осы жарғы ұйымдастырушылық-құқықтық қоғамдық қор формасында құрылған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйымның қызметін реттейді, әрі қарай - Қор.

1.2.Қордың құрылтайшылары:

1) **Керейтбаева Несибели Сарсенбаевна**, 22.12.1957 жылы туылған, ЖСН 571222401232, жеке куәлігі № 036588455, ҚР ІІМ 23.06.2014 жылы берілген, тұрақты мекен-жайы – Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі, 23 А.үй.
2) **Дауылбаев Нұрлыбек,** 19.03.1951 жылы туылған, ЖСН 510319300625, жеке куәлігі № 031464943, 14.04.2011 жылы ҚР ӘМ берілген, тұрақты мекен-жайы – Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Жамбыл тұйығы, 29 үй.

1.3.Қоғамдық қордың атауы:

Мемлекеттік тілде: **«Сырдария» қоғамдық қоры;**

Орыс тілінде: **общественный фонд «Сырдария».**

1.4. Орналасқан жері және қордың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индекс 120600, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Амангелді көшесі,№ 53.

Қордың қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.5.Қор, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, жеке мүлікке ие, дербес балансы мен банкілік есепшоттары, оның ішінде валюталық шоттары, өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, эмблемасы, фирмалық бланкісі және басқа реквизиттері бар, өзіне алған міндеттемелерін атқарады және осы қызметтеріне қатысты құқықтарды пайдаланады, өз атынан келісім-шарт жасай алады, мүліктік және мүліктік емес құқықтар иеленеді, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға бола алады.

1.6.Қорға құрылтайшысы берген мүліктер қордың меншігі болып табылады.

1.7.Қор ерікті түрде одақтарға, қауымдастықтарға біріге алады, халықаралық, қоғамдық және басқа ұйымдардың қызметіне қатысып, олармен өзге формада ынтымақтастық жасай алады.

1.8.Қор өз міндеттемелері бойынша өзіне тиісті барлық мүліктермен жауап береді. Құрылтайшыларының жеке қарыздары бойынша қор жауап бермейді.

1.9.Қор құрылтайшы ретінде басқа ұйымдарға кіруге құқылы.

1.10.Қор заңға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

2.Қор қызметінің мәні мен мақсаттары

2.1.Қордың мақсаты:

- Сырдария ауданы Тереңөзек кентіндегі арнайы әлеуметтік қамқорлықты қажет ететін азаматтарға қолдау көрсету.

2.2.Қордың қызметінің мәні:

- Тұрмысы төмен азаматтарға материалдық және қаржылық көмек көрсету;
- Әлеуметтік маңызы бар ғимараттардың жобалы-сметалық құжаттарын дайындауға, құрылыс жұмыстарын жүргізуге қаржылай көмек көрсету;
- Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- қайырымдылық жұмыстарын жүргізуге қаржылай көмек көрсету;
- Ұлы Отан және Ауған соғыс ардагерлеріне,еңбек ардагерлеріне,ардақты аналарға.Чернобыль апатына қатысқан азаматтарға көмек көрсету және оларға көрсетілетін жеңілдіктер туралы заңдарды түсіндіру,іс-шараларды ұйымдастыру;
- Республикалық,облыстық, аудандық және елді мекендерде ұйымдастырылатын түрлі спорт ,мәдени шараларға, оған қатысатын азаматтарға және спортшыларға , оқу озаттары мен талантты музыканттарға,өнерпаздарға, ақын-жазушыларға қордың есебінен демеушілік көмек көрсету;
- Аудан орталығында және елді мекендерде көркейту көгалдандыру, безендіру, әлеуметтік мәдени құрылыстарды салуға,мерекелік күндерді атап өту шараларына қаржылай демеушілік көрсету;
- Халық денсаулығын сақтау,білім беру, салауатты өмір салтын қалыптастырып бұқаралық спортпен айналысу бағытындағы іс шараларды ұйымдастыруға әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, қаржыландыру;
- Арнайы қамқорлықты қажет ететін азаматтарға әлеметтік қолдау көрсету үшін, сол сияқты қаржы тапшылығына байланысты бюджеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қолдау көрсетіп қаржылай демеушілік көмек көрсету;
- Ауданда халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, тұтыну бағасын түсіру мақсатында күнделікті тұтынатын азық-түлік,өндіріс тауарлары сатылатын көпшілік орындарды (базарлар мен сауда қатарларын,мәдени көпшілік қызмет көрсету нысандарын ұйымдастыру, сол саладағы құрылыс нысандарын жүргізу, жаңғырту және т.б.) осы мақсаттағы нысандарға демеушілік көрсету.
- Мүгедектер және ардагерлер арасында әлеуметтік сауықтыру шараларын ұйымдастыру;
- мүгедектерге қайырымдылық қызмет көрсету;
- мүгедектерді қолдау бойынша іс-шаралар жүргізу;
- Аудан халқын бұқаралық спортпен қамтып,(оның ішінде мүгедектер мен ардагерлер) арасында спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- ардагерлердің материалдық және тұрғын үй жағдайларын, мәдени-тұрмыстық, медициналық, сондай-ақ қызмет көрсетудің басқа түрлерін жақсарту жөнінде қамқорлық жасау;
- ұжымдарда аға буынның жастарды еңбек және жауынгерлік даңқ дәстүрлеріне сәйкес тәрбиелеу жұмыстарына ардагерлерді қатыстыру;
- жастарға патриоттық сезімді ұялатып жас ұрпақтың жан-жақты және үйлесімді дамуына жауапкершілікке тәрбиелеу;
- отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау, мұражайларды, ескерткіштерді және мемориалды құруға, сақтауға ат салысу;
- ұлтаралық және конфессияаралық келісімді,қоғамда тұрақтылықты нығайтуға қатысу;
- ҚР жастар саясатын дамытуды жүзеге асыру және жастар саясатына арналған жобаларға қатысу;
- Жас кәсіпкерлерді қолдау, оқыту,жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту;

- Жас кәсіпкерлер арасында конференциялар, кездесулерді өткізу;
- Дөңгелек үстелдер ұйымдастыру,тренингтер жүргізу;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастыру;
- Жастардың азаматтық әлеуетін, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру,оның саяси процесстерге қатысуына қамқорлық жасау;
- мемлекеттік тендерлер мен конкурстарға қатысу;
- аула клубтарын ашуды ұйымдастыру және оны дамыту;
- жастар арасында, (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жастар,мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында) спорттық (футбол, баскетбол, дойбы, мини футбол және т.б.) шаралар ұйымдастыру.
- Қор мақсаты – міндеттеріне сәйкес келетін қолданыстағы заңдылықтармен тиым салынбаған басқа да қызмет түрлерін көрсетеді.

3.Қордың құрылтайшылары

- 3.1.Қордың жарғылық мақсаттарын мойындайтын және қор қызметін дамытуға нақты үлес қосуға мүмкіншілігі бар азаматтар мен заңды тұлғалар Қордың құрылтайшылары бола алады.

3.2.Құрылтайшылардың құрамын өзгерту құрылтайшылық келісім-шартты қайта жасауға алып келеді.

3.3.Құрылтайшылар қордың міндеттемелеріне жауап бермейді, ал қор құрылтайшылардың міндеттемелеріне жауап бермейді.

3.4.Қордың құрылтайшылары құқылы:

- жарғыда қаралған тәртіппен қордың істерін басқаруға қатысуға;
- қордың қызметі туралы ақпарат алуға, құжаттармен танысуға;
- жарғыда бекітілген тәртіп бойынша қордың құрылтайшылық құрамынан шығуға.

3.5.Қордың құрылтайшылары міндетті:

- құрылтайшылық құжаттардың ережелерін сақтауға;
- осы жарғыда қаралған тәртіпте, көлемде, тәсілде және мерзімде салымдарын енгізуге;
- коммерциялық құпия деп саналатын мәліметтерді таратпауға.

4.Қордың мүліктері мен қордың қаржылары

4.1.Қордың мүлкін оның балансында тұрған материалдық құндылықтар мен қаржы ресурстары құрайды.

4.2.Қордың мүлкі – заңды тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және тұрақты түсетін түсімдер есебінен және қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

4.3.Қордың мүлкін қарау көздері ақшалай және басқа түрлері заңнаманың актілеріне сәйкес мыналар болып табылады:

- құрылтайшылардан түскен түсімдер;
- ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылықтар;
- заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер;
- акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздардан әне салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивиденттер (кірістер, сыйақы (мүлде);

- Қазақстан Республикасының заңдылығымен тыйым салынбаған басқа да көздері.

4.4.Қорға берілген мүлік, сондай-ақ басқа да түсімдер қордың меншігі болып табылады.

4.5.Жарналар мен басқа да түсімдер есебінен мынадай қорлар құрылады:

гуманитарлық және қайырымдылық көмектер;

даму;

жалақы төлеу;

өкілеттік, резервтік және басқа.

Қорлардың мөлшері, құру және жұмсау тәртібі жарғымен уәкілеттілік берген қордың органдарымен айқындалады.

4.6.Құрылтайшы қордың мүліктеріне мүліктік құқығына иеленбейді.

4.7.Қордың ақшалай және материалдық түсімдері, қордың уәкілетті органдарының шешімі бойынша жарғыда қарастырылған мақсаттарға жұмсалады.

4.8.Қордың бастапқы мүлкі қолданыстағы заңдылықпен белгіленген тәртіпте, тәсіл мен мөлшерде құрылтайшылардың үлестері арқылы құралады.

5.Қорды басқару органдары

Қордың ісін басқаруды қамтамасыз ететіндер:
Жоғарғы орган – құрылтайшылардың жалпы жиналысы.
Алқалы басқару органы – қамқоршылық кеңес.
Бақылау органы – тексеру комиссиясы.

5.1.Қордың жоғарғы басқару органы құрылтайшылардың жалпы жиналысы болып табылады. Кезекті және кезектен тыс жиналыстар шақырылуы мүмкін. Осы жарғы ережелері мен Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларын ескере отырып, жиналысты өткізу орны мен уақытын қамқоршылық кеңес белгілейді.

5.2.Жалпы жиналыстың қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірмей қамқоршылық кеңесі шақырады. Кезектен тыс жиналыс қамқоршылық кеңесінің өз қарауы бойынша, тексеру комиссиясының талабы бойынша кез келген уақытта кез келген мәселе бойынша шақырылады. Жиналыс шақыру туралы қамқоршылық кеңесінің шешімі, талап қойылған күннен кейін 20 күн ішінде қабылдануы тиіс.

5.3.Жалпы жиналысты шақыру туралы мәлімдеме қордың құрылтайшыларының арқайсысына тапсырысты хат арқылы жеке жасалады.

5.4.Құрылтайшылық кеңестің талқылануына белгіленген баяндамалары жалпы жиналыста қаралғанға дейін жария етілуі тиіс. Жалпы жиналыста қаралуға тиісті мәселелер тек қамқоршылық кеңес арқылы түсуі керек.

5.5.Құрылтайшылар, жалпы жиналысы жұмысына өзі немесе нотариалды куәландырылған сенімхат арқылы өкілін қатыстыра алады, сенімхат жалпы жиналыс хаттамасына тіркеледі.

5.6.Жалпы жиналыс жұмысына қамқоршылық кеңесінің мүшелері кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

5.7.Жалпы жиналыс, құрылтайшылардың жалпы дауыс санынан кем дегенде 2/3 жиынтық дауысқа ие құрылтайшылар қатысса шешім қабылдауға құқылы. Әрбір құрылтайшының тек бір ғана дауысы бар.

5.8.Жалпы жиналыстың ерекше құзырына мыналар жатады:

- қордың басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;
- атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органдарының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;
- заң актілерінде белгіленген шекте бірлестіктің басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері;
- қордың қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;
- қамқоршылық кеңесті құру.

5.9.Бекітілген тәртіпте қабылданған жиналыс шешімі қордың құрылтайшылары үшін міндетті болып табылады. Жиналыс, атқару органының құзырына жататын барлық мәселелерді шешуді өз құқығына ала алады.

5.10.Әрбір құрылтайшы жиналыс өткен күннен кейін үш күн ішінде жалпы жиналыс хаттамасының куәландырылған көшірмесін немесе одан үзінді беруін сұрауға құқылы.

5.11.Қордың қызметіне тұрақты жұмыс істейтін орган – қамқоршылық кеңесі басшылық жасайды. Ол қордың жарғылық қызметіне, оның іс-қағаздарының дұрыс және адал жүргізілуіне жауап береді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны жалпы жиналыстың шешімімен белгіленеді.

5.12.Қамқоршылық кеңес қордың атқарушы органы – қордың директорын тағайындайды.

5.13.Қамқоршылық кеңестің мүшелері болып қордың құрылтайшысы да, басқа да тұлғалар да сайлана алады. Қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшелерін некеде және жақын туыстықта тұрған, сондай-ақ осы қордың штаттық қызметкерлері құрай алмайды.

5.14.Қамқоршылық кеңестің қалыптастыруды, қамқоршылық кеңестің мүшелерін бекітуді қордың құрылтайшыларының жалпы жиналысы жүргізеді.

5.15.Қамқоршылық кеңесі кем дегенде тоқсанына бір рет шақырылады. Қамқоршылық кеңесінің мәжілісі оған мүшелерінің жарғысынан астамы қатысса заңды деп есептеледі. Қамқоршылық кеңесінің мәжілісінде хаттамалар жүргізіледі, оған барлық қатысушылар қол қояды.

5.16.Қамқоршылық кеңесінің қарауына мәселелер ұсыну құқығы құрылтайшыларға, кеңес мүшелеріне, қор президентіне, қордың басқа да органдарына тиесілі.

5.17.Қамқоршылық кеңесінің шешімі кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда қордың президентінің дауысы шешуші болып табылады.

5.18.Қамқоршылық кеңесі қор қаржысы шеңберінде қаржы жұмсайды, оны жыл сайын құрылтайшылардың жалпы жиналысы мен бекітіледі.

5.19.Қамқоршылық кеңесінің құзырына мыналар жатады:

- қордың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау, жалпы жиналысы мен тексеру комиссиясы шешімдерін орындау;
- қордың қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасау;
- қордың директорын тағайындау;

- заң және жарғы талаптарына сай қордың мүлкін басқарады және оның капиталына өкімдік жасайды;
- жалпы жиналыстың, тексеру комиссиясы мен қордың президентінің айрықша құзырына жататын мәселелерден басқа қордың қызметіне қатысты мәселелерді шешу.

5.20.Қамқоршылық кеңес қорға қатысты заң және жарғы талаптарын, сондай-ақ жалпы жиналысы мен тексеру комиссиясы белгілеген барлық талаптарды қадағалауға міндетті.

5.21.Қордың қызметіне ағымды басшылық жасауды қордың директоры қамтамасыз етеді. Егер қордың директоры уәкілеттілік мерзімі жалпы жиналыспен белгіленбесе, ол онда белгісіз мерзімге бекітілген болып саналады. Директор, қамқоршылық кеңес пен жалпы жиналысқа есеп береді - өз қызметінің қорытындылары туралы кем дегенде тоқсанына бір рет есеп береді.

5.22.Қордың директоры, жалпы жиналыс пен басқа да алқа органдарының айрықша құзырына кіретін мәселелерден басқа қордың қызметінің барлық мәселелерін шешеді.

5.23.Қордың директоры, сенімхатсыз, **алайда қордың құрылтайшыларымен алдын-ала жазбаша келісімімен** қордын атынан барлық әрекеттер жүргізуге құқылы: оның мүдделерін білдіруге, мүліктерге иелік етуге, келісім-шарттар, оның ішінде еңбек шарттарын жасауға, сенімхат беруге, банкілерде есептік және басқа да шоттар, оның ішінде валюталық шоттар ашуға, жабдықтарға иелік ету құқығын пайдалануға, міндетті орындалуға арналған бұйрықтар шығаруға және басқа да әрекеттер орындауға.

5.24.Қордың директоры кез келген уақытта міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы, бұл туралы жалпы жиналысқа жазбаша түрде бастартудан үш ай бұрын мәлім етуі тиіс.

5.25.Директор, өзінің міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мерзімінен бұрын кері шақырылуы мүмкін.

5.26.Директорды кері шақыру қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің көпшілік даусымен бастамашылық етіледі. Егер кері шақыру үшін қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің ¾ дауыс берген жағдайда, президент кері шақырылды деп саналады.

5.27.Тексеру комиссиясын жалпы жиналысы мен бір жыл мерзімге сайланады және ол қамқоршылық кеңестің мүшелері болып табылмайтын үш адамнан тұрады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қызметінен босағаннан кейін 2 жыл ішінде тексеру комиссиясына сайлана алмайды. Жалпы жиналыстың рұқсатымен тексеру комиссиясы өз жұмысына сарапшылар тарта алады. Тексеру комиссиясының мүшелері кезекті мерзімге бірнеше рет қатарынан сайлана алады.

5.28.Тексеру комиссиясы жылсайын жоспарлы тексеру жасап, жалпы жиналысының алдындап есеп береді.

5.29.Тексеру комиссиясы қордың барлық мүлкін тұрған орнында қарап шығып, тексеру жасай алады және жыл бойына атқарылған жұмыстар мен қордың тиісті жұмсаған шығындарына тексеру жүргізе алады.

5.30.Тексеру комиссиясының алдын алап қарауына смета мен алдағы жылға-қызмет жоспары ұсынылады, оларды комиссия қорытындысымен қоса жалпы жиналысқа басқарма береді.

5.31.Қажет болған жағдайда тексеру комиссиясы басқармадан жалпы жиналыс шақыруды талап етуге, орын алған барлық ой-пікірлерге мен комиссияның жекелсген мүшелерінің айтқан ерекше пікірлеріне егжей-тегжейлі хаттамалар жүргізуге құқылы. Хаттамалар, баяндамалар мен комиссия қорытындыларын басқарма өзінің түсініктемелерімен қоса жуықтағы жалпы жиналыс қарауына енгізуі тиіс.

5.32.Тексеру комиссиясының мүшелері дауыс құқығынсыз бақылаушы ретінде басқарма мәжілісіне қатысуға құқылы.

6.Құрылтайшылар қатарына қабылдау және шығару

6.1.Қордың құрылтайшылары құрамына қабылдау берілген арыз негізінде жүргізіледі. Қабылдау туралы шешім құрылтайшылардың жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

6.2.Құрылтайшылар құрамынан шығуы үш ай бұрын жазбаша өтінішін әрбір құрылтайшыға, сондай-ақ қордың өзіне беру арқылы жүргізіледі.

6.3.Құрылтайшының құрамынан шығу туралы шешімді жалпы жиналыс қабылдайды. Шешім қабылдаған уақыты шығу уақыты болып саналады.

6.4.Шығу туралы жалпы жиналыс шешім қабылданғанға дейін құрылтайшы қорға және оның құрылтайшыларына қатысты бұрын өзіне алған міндеттемелерін орындауы тиіс.

7.Қаржылық жыл, есеп беру

7.1.Қордың қаржылық жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығына белгіленеді.

7.2.Бухгалтерлік санақ пен есеп беру қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

7.3.Өндірілуі мүмкін емес қарыздарды, кем шығулар мен ысыраптарды, одан әрі пайдалануға жарамсыз көнерген, тұтынудан қалған мүліктерді қордың балансынан шығару қолданыстағы заңнамаларына сәйкес бекітілген тәртіпте жүргізіледі.

8.Қордың құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

8.1.Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді қабылдау қордың құрылтайшыларының жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім, қатысқандардың санынан 2/3 дауыстарын берген кезінде қабылданады. Қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- Қосымша ретінде қордың жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- жарғыны жаңа редакцияда қабылдау.

9.Қордың филиалдары мен өкілдіктері туралы мәлімет.

9.2.Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, қор Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкілдіктер аша алады.

9.3.Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды, олар қордың мүліктерін иеленеді және бірлестік бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиал мен өкілдіктің мүліктері бөлек балансты және қордың балансында есепке алынады.

9.4.Филиал мен өкілдікті құру туралы шешім қордың құрылтайшыларының жалпы жиналыспен қабылданады, филиалдың (өкілдіктің) ережесі бекітіледі және оның басшысы сайланады. Филиал мен өкілдіктің басшылары қордың директоры берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

9.5.Қордың құрылтайшыларының жалпы жиналысы филиал мен өкілдіктің тұратын жерін анықтайды.

9.6.Филиал мен өкілдік есептік тіркеуге жатады, ол Қазақстан Республикасының заңнамалығында белгіленген тәртіп пен мерзімде жүргізіледі.

9.7.Филиал мен өкілдікті тарату туралы шешім қордың құрылтайшыларының жалпы жиналысында қабылданады.

10.Қорды қайта құру және тарату

10.1.Қорды қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөліп шығару, өзгерту) және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралған тәртіпте, мыналар бойынша жүргізіледі:

- құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен;
- соттың шешімімен.

10.2.Қорды қайта құру немесе тарату туралы шешім, қордың мүшелерінің кем дегенде үштен екі дауыстарымен жалпы жиналыста қабылданады.

10.3.Қорды қайта құру, бірігу, қосылу, бөліну, бөліп шығару, өзгерту жолымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында қаралған басқа да формаларда жүргізуі мүмкін. Қор қайта құрылған кезде оның құқықтары мен міндеттемелері құқық иеленушісіне көшеді, ол жаңадан құрылған ұйымның құрылтайшылық құжаттарымен белгіленеді.

10.4.Қор таратылған кезде жалпы жиналысы тарату комиссиясын құрады, ол Қазақстан Республикасының әділет органдарының баспасөз беттерінде қордың таратылғандығы және оған қойылар талаптар тәртібі мен мерзімі туралы жария етеді. Тарату комиссиясы құралған сәттен бастап оған қордың істерін басқару жөнінде уәкілеттіктер беріледі. Тарату комиссиясы қордың қолда бар мүліктерін бағалайды. Оның дебиторлары мен кредиторларының анықтайды, олармен есептеседі, қордың үшінші тұлғаларға қарыздарын төлеу шараларын қабылдайды, тарату балансын жасап, оны қордың құрылтайшысына ұсынады.

10.5.Қор таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүліктер жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

10.6.Қорды тарату туралы хабарлама тарату комиссиясының есебі мен тарату балансынан кейін қордың жалпы жиналысы (ерікті жойылған кезде) немесе сот бекіткен апталық мерзім ішінде тіркеуші органға жіберіледі.

10.7.Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистіріне тиісті жазба енгізілгеннен кейін қор таратылды деп есептеледі.

«Сырдария» Қорының құрылтайшылары:

Керейтбаева Несибели Сарсенбаевна _____

Дауылбаев Нұрлыбек _____

Прошнуровано, пронумеровано
17 (он жиет) парақтан тұрады